

**Астана қаласы 71 мектеп-лицейіндегі бракераждық комиссия
отырысының №1 хаттамасы**

Күні: қыркүйек айы 2025 жыл

Отырысқа қатысқандар:

Комиссия мүшелері: 8 адам

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы;

1.Мукашева М.Ч.– мектеп-лицей директоры.

Комиссия мүшелері.

2. Сулейменова А.С. –директордың тәрбие жұмысы орынбасары;

3. Латыш В.А. қамқоршылық кеңесінің төрағасы;

4. Саденова Л.А. – әлеуметтік педагог;

5. Карабаева Г.– медбике;

6. Айшуаков Утеген – ата-аналар кеңесінің мүшесі;

7. Байтан Асылбек – ата-аналар кеңесінің мүшесі;

8. Сагинбекова М.С. – ата-аналар кеңесінің мүшесі.

Күн тәртібінде:

1.2025-2026 оқу жылындағы бракераждық комиссиясының жылдық жоспарын бекіту.

2.Комиссия мүшелерінің міндеттерін тағайындау.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша алғашқы сөзді лицей директоры

М.Ч.Мукашева алды. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, 6 бабы 19-тармағына сәйкес, ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу» қағидасы және тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде СанЕҚ нормаларының негізінде асханада оқушыларды тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылау, тағам дайындау технологиясын сақтау, азық-түліктің сапалы ассортиментін қолдану мақсатында мектеп әкімшілігі мен ата-аналардан құрылған бракераждық комиссиясы өз жұмысын қолға алды. Лицейімізде тамақты ұйымдастыру үшін барлық жағдай жасалынған.

2.Екінші мәселе бойынша:

Бұйрықтың орындалуын бақылауды лицей директоры М.Мукашева өз міндетіне алады.

Лицей асханасындағы оқушылардың тәртібі, бастауыш сынып оқушыларының тамақтануын есепке алу жұмыстарын тамақтану бойынша әлеуметтік педагог Л.Саденова міндетіне алады.

Лицей асханасындағы тамақ сапасын бақылау, асхананың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайының талапқа сай болуын қадағалау –медбике Г.Карабаеваға берілді.

Бастауыш сыныптардың және аз қамтылған отбасы балаларының тамақтану есебін ай сайын жүргізу әлеуметтік педагог Л.Саденоваға жүктеледі.

Шешім:

- 1.2025-2026 оқу жылына бракераждық комиссиясының жұмыс жоспары бекітіліп, соған сай жұмыстар жүргізілсін
- 2.Комиссия мүшелері өздеріне тағайындалған міндеттерді жүйелі түрде атқарсын.

Комиссия төрайымы
Хатшы



М.Ч.Мукашева
Л.А.Саденова